

## **XVII ғасырдағы қазақ-жоңғар шайқастары. Салқам Жәңгір**

Қазақ пен жоңғар – бір-бірімен өте көп соғысқан ел. Ол соғыс 1758 жылы Жоңғар хандығы жер бетінен біржола жойылып кеткенінше тоқтамаған, ал белгілі зерттеуші В. Вельяминов-Зерновтың айтуына қарағанда, Қазақ-Жоңғар қарым-қатынастары XVI ғасырдың бірінші ширегіне дейін бейбіт қарым-қатынас сипатында болған. Дегенмен сол ғасырдың 30 жылдарынан бастап жағдай мүлде өзгеріп, қазақ және жоңғар (ойрат) феодалдарының арасындағы күрес екі ғасыр бойына созылған. Бұл күрестің шығуына төмендегі жағдайлар себепші болды:

1. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан екі жақтың билеушілері үшін көшіп-қонатын жерді кеңейте түсу керек болды.

2. Жоңғар феодалдары Сырдария бойындағы сауда орталықтарын басып алғысы келді.

Бұлай жорамалдауға ағылшын көпесі әрі саяхатшысы Дженкинсонның келтірген мәліметтері негіз бола алады. Ол 1557 жылы Орта Азиядан Қытайға өтпекші болғанда, оған қазақтар мен ойраттардың Ташкент қаласы үшін жүргізген соғысы кедергі жасаған (1, 476-б).

XVI ғасырдың орта шенінде Қазақ хандары ойрат билеушілеріне қарсы күресте едәуір басым түскен. Өйткені бұл кезде ойрат нояндары Моғолстанға қарсы күрес және ойрат қоғамының өз ішіндегі ала ауыздық салдарынан біршама әлсіреген болатын, орыс патшасы Иван IV-нің Ноғай ұлыстарға жіберген елшісі Данил Губин Москваға қазақтардың күштілігі және олардың ойраттарды бағындырғаны жайында хабарлаған.

Алайда XVII ғасырдың 30 жылдарында Батур хонтайшының үкімет басына келуіне байланысты ойрат қоғамының ішкі-сыртқы жағдайы жақсарды. Батур хонтайшының тұсында қазақтар мен жоңғарлар арасында үш рет қарулы қақтығыс болғанын тарихи деректер растайды. Ең алдымен тарих сахнасына 1635 жылы шамасында көтерілген Жоңғар хандығының саяси-экономикалық потенциалын естен шығармау керек. Бұл хандықтың шаңырағын көтерген адам Эрдени Батур хонтайшы еді. Ол Шорыс тайпасының көсемі Харақұланың он сегізінші ұлы болатын. Харақұла торғауыт, дүрбіт, шорыс, хошут төрт ұлыс – ойратқа сөзі дуалы ел ағасы еді. Ол – Тибет, Көкнұр, Хангай, Тарбағатай, Қобық, Сабырда бытырап жүрген монғол тілдес тайпаларды біріктіріп, аса зор мемлекет құру бағдарламасын ұсынған адам.

Сөйтіп 1635 жылы Жоңғар хандығы құрылды. Жоңғар хандығының құрылуы қазақтарға аса тиімсіз болды. Біріншіден, мемлекет бірте-бірте қазақтардан жаулап алған жерді (Жоғарғы Ертіс, Тарбағатай мен Іле алқабы) өз иелігіне біріктірді. Екіншіден, Жоңғар хандығы орталықты мемлекет қана емес, әскери мемлекет болып қалыптасты. Оның басты мақсаттарының бірі – қазақтан, қырғыздан, ұйғырдан, Алтай мен Сібір халықтарынан жаулап алған жер иеліктерін әскер күшімен ұстап тұру және мемлекет жерін әрі қарай кеңейту болған. Орталық Азиядағы шаруашылық орталықтары мен сауда

жолдарын алумен қатар Жоңғар хандығы Тибеттің көмегімен лама дінін таратуды көздеді (2, 167-б).

Есім қайтыс болғаннан кейін баласы Жәңгір хан болған. Жәңгір хан басы үлкен, кеудесі кең, аласа адам болған екен. Сол себепті қазақтар оны «Салқам Жәңгір» деп атаған (3, 259-260). Бірінші соғыста 1635 жылы Жәңгір сұлтан соғыста қалмақ қолына түсіп қалады. Бұл соғыстың қалай болғандығы жөнінде толық дерек жоқ. Бұл соғыста Жоңғарлардың басым болғандығын көрсетеді. Қазыбек Тауасарұлының айтуына қарағанда («Түп-тұқияннан өзіме шейін» еңбегі) Жәңгірді тұтқыннан 1636 жылы әйгілі Қарасай батыр мен Арғын Ағынтай батыр бір түнде ұрлап әкетіп құтқарады. Сол барыста түн ішінде хан екенін байқамай, Қарасай батыр Батур қонтайшыны талдырып кетеді, ал Ағынтай батыр қызы екен деп, Батурдың қатынын (әйелін) көтеріп әкетеді. Мұның бәрі ел билеген қонтайшыға аз намыс емес. Бұған қарағанда алдыңғы бір соғыста Батурдың әкесі Қаракұл да қазаққа тұтқын болған (4).

Екінші шайқас 1643 жылы Батур қонтайшы қалың қолмен «Жоңғар қақпасы» арқылы қазақ жеріне баса көктеп кіреді. Бұл тұстағы қазақ ханы Салқам Жәңгір болатын. Ол соғыс ісіне жетік әрі көреген қайраткер еді. Тарихшы И.Я. Златкин өзінің «Жоңғар хандығының тарихы» (М., 1983) атты кітабында осы 1643 жылы соғыста арнайы 50 мың әскермен Батур қазақ-қырғыз жерін шауып алып, 10 мың адамды тұтқындап әкеткенін айтады. Осындай мәліметті И.Э. Фишер «Сібір тарихы» (Петербург, 1774) атты еңбегінде тәптіштеп айтпайды. Алайда Батур қонтайшы бұл жолы қазаққа қарсы неге көтерілді дегенге жауап іздесек, оған түсінік беретіндей көлденең бір дерек бар. Батур қонтайшының 1643 жылы жорыққа әскер сайлағандағы мақсаты қазақтың Жәңгір ханымен Самарқандтың әмірі Жалаңтөс Баһадур Сейтқұлынан кек алу болатын. Себебі 1640 жылы Батур қазақ-өзбек жеріне шабуыл жасағанда, оны Жалаңтөс батыр ойсырата жеңген болатын. Жалаңтөс батыр – кіші жүзден шыққан әйгілі Әйтеке бидің арғы атасы. Үлкен қолбасы болған, соғыс өнерін жетік білген адам. Атағы көрші елдерге де кең жайылыпты. Оған көрші елдерден келген сый-сияпаттар мен қымбат тартулардың көлемі мемлекеттің қазына байлығынан асып түсіп отырған деген деректер бар. Жалпы, Жалаңтөс батыр қазақ ханы Жәңгірмен жақсы қарым-қатынаста болған, ел үшін болған ұрыстарда екеуі бір-біріне үнемі көмек көрсетіп, әскер беріп отырған. Мәселен, 1640 жылы Иранға қарсы Бұхар ханы соғысқа шыққанда, әскерге Жалаңтөс батыр қолбасшылық жасаған, ал Жәңгір хан сол соғысқа жүз мың әскермен қатысқан (5, 83-89-б).

1643 жылғы соғысқа жоңғарлар алдын-ала әзірленіп, қатты дайындалған. Олар әуелде қырғыздарға шабуыл жасап, біраз жерін басып алады. Он мыңдай адамын тұтқынға түсіреді. Бұл хабар Жәңгірге жеткен соң, алты жүз қолмен жауға асығыс аттанады. Бірақ өзінің жорыққа шыққанын айтып Жалаңтөс батырға хабар жіберген тарихтан жеткен мәліметтерге қарағанда Жәңгір мен Жалаңтөстің арасында жоғарыда айтқандай айрықша адамдық, әрі жауынгерлік достық болған. Жәңгір 600-700 қолмен жүрегі дір етпей, 50 мың әскер әзірлеп шапқан жауға аттанып кеткенін, біріншіден, өз батырларының жауынгерлігіне сенсе, екіншіден, Жалаңтөстің дер кезінде

көмекке жетіп үлгеретініне сенген. Осы кезде бұларға Самарқандтан Жалаңтөс 20 мың қолмен көмекке жетіп үлгереді. Орбұлақ шайқасы 3-4 айға созылған Батур қонтайшы он мыңнан астам адамынан айырылады. Бұл соғысқа сонау Жайықтан Ертіске дейін, Жетісудан Арқаға дейінгі аралықты алып жатқан қазақ елінің батырлары Шапырашты Қарасай, Арғын Ағынтай, Төртқара Жиенбет, Қаңлы Сарбұқа, Найман Көксерек, Қырғыз Көтен мен Табай, Дулат Жақсығұл, Арғын Қамбай, Суан Елтінді батыр, тағы басқа да хас батырлар үлес қосты.

Бұл – жай жеңіс емес, ұлы жеңіс, 600 қолмен 50 мың қолдың алдын бөгеу, оның 10 мыңын құртып жіберу – ұлы ерлік. Ол ерлікке бабаларымызды бардырып отырған отырған ұлы күш не? Ол – елді, жерді, ұрпақты жаудан қорғау мүддесі! Халықты құрып кетуден сақтау бабаларымыздың ең үлкен мұраты, бүкіл тіршілігінің ұлы мақсаты болған. Сол үшін олар күш те біріктірген, бірігіп қанын да төккен, бірігіп жандарын қиған.

Алайда Жоңғар феодалдары түпкілікті жеңілген жоқ-ты. Олар енді алдағы айқастарға жан-жақты дайындала бастады. Батур қонтайшы Кузнецк уезінен қару-жарақ сатып алып ат көлік жинастырды. Осындай әскери дайындықтан кейін Батур қонтайшы 1652 жылы қазақтарға аттанады. Сөйтіп үшінші соғыс болады. Бірақ оның қай арада, қай мезгілде өткенін дәл көрсетерліктей дерек жоқ. Алайда ол қантөгіс те Жетісу жерінде өтті деп шамалаймыз. Қазақ қолы бұл жолы жеңілді. Жекпе-жекке шыққан қазақ ханы Жәңгір Очирто-Цецен ханның он жеті жастағы ұлы Қалданның қолынан қаза табады (6). Одан кейін де бір ғасырға созылған жанталастың тағдыры батысқа қарай баса көктеген Цин өктемдігіне ұласып, Жоңғар хандығының біржолата жойылуымен тәмамдалды.

**Өтеубай Қожақұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы**

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4 том. – Алматы, 1974.
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы: Сөздік-словарь, 2011. 320-б.
3. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994.
4. Нұржекеұлы Б. Қазақтар мен жоңғарлар арасындағы ұлы шайқас // Жас Алаш 03.07.1993.
5. Өзендер өрнектеген өлке. Алматы: Жалын, 1984.
6. Кекілбаев Ә. Ерлікке – тағзым ел жандылықтан – тағылым // Егемен Қазақстан 06.07.1993.